


Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж»кешені КММ

«БЕКІТЕМІН»

Директор *А.А.А.* Т.Шакенова



« Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша

2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің бұйрығына қосымша «26» мамыр 2025 жыл № 123

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің бұйрығына 1-қосымша «30» шілде 2025 жыл № 194

2025-2026 оқу жылы

Мектептегі тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:

«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік пен адалдықты, ұлттық болмыс пен адамгершілік құндылықтарды дарыта отырып, оларды елжанды, жауапты, парасатты тұлға ретінде тәрбиелеу – қазіргі мектептегі тәрбие жұмысының басты өзегі болып табылады.

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

- **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

- ✓ **Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;

мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;

дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;

отбасының құндылығын түсіну;

тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;

қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

- ✓ **Құндылық: бірлік және ынтымақ**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;

өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;

басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;

бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;

тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

- ✓ **Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Бастауыш мектеп түлегі:

шындықты айту;

достыққа адал болу;
жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;
өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;
заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

✓ **Құндылық: заң және тәртіп**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Бастауыш мектеп түлегі:

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;
қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;
педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;
кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

✓ **Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Бастауыш мектеп түлегі:

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;
өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;
отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;
нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;
өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

✓ **Құндылық: жасампаздық және жанашылдық**

Құзыреттілік: шығармашылық

Бастауыш мектеп түлегі:

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;
жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;
инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;
жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;

өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

- «**Апта дәйексөздері**» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

- «**Қауіпсіздік сабағы**» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

- «**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы**» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

- «**Өнегелі 15 минут**» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

- «**Үнемді тұтыну**» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.

- «**Күй күмбірі**» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

*Облыстық білім басқармасының
2024 жылғы «06» тамыздағы*

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына сәйкес, білім беру ұйымдарына «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізілді. Осы бағдарлама шеңберінде Қазақстандағы білім беру процесін жақсарту мақсатында кешенді өңірлік жоспар әзірленді. Бұл жоспар балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие процесіне бейімделуін қамтамасыз етуді мақсат етеді.

2026 жылы бағдарламаны қоғамда кеңінен тарату жоспарлануда. "Жаңарту шеңберінде мектептердің біртұтас дизайн-коды әзірленеді, ол 'Адал азамат' тұжырымдамасының негізгі құндылықтарын көрсететін болады."

Білім Министрлігінің өкілі Еділ Оспан: "Бүгінгі таңда бағдарлама барлық мемлекеттік білім беру ұйымдарында сәтті жүзеге асырылуда. Президент IV Ұлттық құрылтайда бұл бастама жалпыұлттық сипатқа ие болуы тиіс екенін атап өтті. "Адал азамат" - Қазақстанның барлық балаларын қамтитын ұзақ мерзімді стратегиялық құжат".

Бағдарлама мектептердегі тәрбие жұмысының негізі болады. Білім министрлігі өскелең ұрпақтың бойында ұлттық және азаматтық құндылықтарды тәрбиелеудің бірыңғай тәсілін қалыптастыру үшін іс-шараларды білім беру жүйесіне біріктіруді үйлестіреді.

Атап айтқанда, есту және көруінде бұзылыстары бар балалардың білім алу мен тәрбиелеу пластикасына ерекше назар аударылып, олардың психологиялық, физикалық және интеллектуалдық даму деңгейлері ескерілді. Тәрбие процесінде қолданылатын әдіс-тәсілдер, материалдар мен құралдар да осы балалардың қабілеттеріне қарай талданған және бейімделген.

Осыған орай, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында тәрбие сағаттарының өткізілу форматы да балалардың индивидуалды ерекшеліктеріне негізделіп, жеңілдетілуі қажет. Бұл өзгерістер балалардың білім алуын оңтайландырып, тәрбие процестерінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ, әрбір баланың дамуына қолайлы жағдай жасауға септігін тигізеді.

Осының барлығы, өз кезегінде, балалардың оқу мен тәрбие процесіне белсене қатысуына және олардың әлеуметтенуіне оң әсер етуі тиіс.

- **Бағдарламаның Мақсаты:**
- рухани-адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, парасаттылық пен адалдықты дамыту арқылы қазақстандық мәдениеттің құндылықтары негізінде білім алушының үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру.
- **Бағдарламаның Міндеттері:**
- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**
- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдықты, әділдікті, мейірімділікті, қамқорлықты, мейірімділікті және басқа да адамгершілік қасиеттерді дамыту;
- табиғат пен қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру.
- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

- өз еліне деген мақтаныш сезімін және оның жетістіктерін тәрбиелеу;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарасты қалыптастыру;
- өз құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайындықты дамыту;
- білім алушыларды әлеуметтік маңызы бар қызметке тарту.
- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**
- мінез-құлық пен басқалармен қарым-қатынаста адалдық пен әділдікке тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті дамыту;
- еңбекқорлық пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысты қалыптастыру;
- басқа біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**
- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету.
- білім беру ортасында қолайлы психологиялық-педагогикалық климат құру.
- дарынды балалар мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау; отбасын тәрбие процесіне тарту.

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖОСПАРЫ**

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНА АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

- * Ұсынылған жоспарды білім беру ұйымның ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктеріне орай толықтыра алады.
- ** Ұсынылған жоспарға сәйкес сынып сағаттарының, мектепшілік шаралардың мазмұны, өткізу түрі, орны, әдіс-тәсілдері ұйым ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес білім беру ұйымдары дербес таңдай алады.
- ***Білім беру ұйымының типін және ерекшелігін ескере отырып, сынып сағаттарын сабақ кестесіне қою және оны жүйелі өткізу ұсынылады.
- **** Апта сайын әр сыныпта **қауіпсіздік** сабақтарына өткізіледі.

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
Күнделікті атқарылатын іс-шаралар				
1	-«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.; -«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі; -«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу; -«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау; - «Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектептерде үзіліс кездерінде «15 минут кітап оқу» акцияларын ұйымдастыру (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы оқуға ұсынылған көркем әдебиеттер тізімі бойынша: Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Тахауи Ахтанов, Шерхан Мұртаза,	Үзіліс кезінде	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, класс жетекшілер, тәрбиешілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог, мектеп кітапханашысы т.б.	Күнделікті жыл бойы

	<i>Бердібек Соқпақбаев, сондай-ақ Эрнест Хемингуэй, Джек Лондон, Рабиндранат Тагор, Александр Островский, Вальтер Скотт, Михаил Лермонтов т.б.).</i>			
Апта сайын атқарылатын іс-шаралар				
1	-«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды; - «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады; -«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаттары ,ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.	Аптасына 1 рет	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілері, тәрбиешілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б.	Апта сайын жыл бойы
Ай сайын атқарылатын іс-шаралар				
1	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (алдын алу)	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ИД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС және т.б.)	Айына 1 рет
2	«Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай кезінде әрекет ету тәртібі туралы» интерактивтік сабақтар	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ТЖД)	Айына 1 рет
Тоқсан сайын атқарылатын іс шаралар				
1	«ДосболLIKE» акциясы	Акция	Мектеп психологтары, тәрбиешілер, әлеуметтік педагог, тәлімгер	Тоқсанына 1 рет

2	Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттарды әкелуге шектеу қою бойынша рейдтік шаралар	Профилактикалық шара, хаттама	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, қамқоршылық кеңес өкілдерінің қатысуымен	Тоқсанына 1 рет
3	Ерте жүктіліктің, жыныстық қол сұғылмаушылықтың алдын алу мақсатында «Ерте жүктіліктің қауіп – қатері» қыз балалар клубтарының отырысы	Облыстық жоспар бойынша, хаттама	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, денсаулық сақтау өкілдері, мектеп медбикесі, клуб жетекшісі, тәрбиешілер,	Тоқсанына 1 рет
Жыл бойы атқарылатын іс-шаралар				
1	«Болашаққа жолдама» жобасы «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы	Облыстық жоспар бойынша	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілері, тәрбиешілер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог	Жыл бойы
2	2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтыр жылы» аясында білім алушыларды мамандықтармен таныстыру үшін әртүрлі өндіріс орындарына немесе мекемелерге бару «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы	«Еңбегі адал - жас өрен» жобасы бойынша	Жергілікті атқарушы органдар, мүдделі мемлекеттік органдар, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары тәрбиешілер, жоба жетекшісі	Жыл бойы
3	Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарында құрылған « Adal urpaq », жоба аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру жөніндегі 2025 жылға арналған іс-шаралары «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы	Облыстық жоспар бойынша	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог	Жыл бойы
4	« Birgemiz: Qamqor » акциясы (қарттар үйлеріне, жалғыз басты қарияларға көмек көрсету) «Қамқор» жобасы	Облыстық акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары,	Жыл бойы
5	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы « Birgemiz: Taza Alem » акциясы (қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу және т.б.)	Облыстық акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілер, тәрбиешілер,	Жыл бойы

	«Қамқор» жобасы			
6	«Мейірімділік – адамдықтың негізі» акциясы (күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек пен қолдау көрсету) «Қамқор» жобасы	Облыстық акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары,	Жыл бойы
7	Білім беру ұйымдарында экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі 2025-2026 жылдарға арналған кешенді іс-шара жоспары «Қамқор» жобасы	Облыстық жоспар	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілер, аға тәлімгер, жаратылыстану бірлестігі, эко клуб жетекшілері	Жыл бойы жоспар негізінде
8	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың, ертек жүктіліктің, нашақорлықтың, діни экстремизм мен терроризмнің, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспарлары Алдын алу шаралары	Облыстық жоспар	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, мектеп психологі, әлеуметтік педагог, мектеп медбикесі	Жыл бойы жоспар негізінде
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ – ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР				
1	«Адал азамат» біртұтас бағдарламасы: құндылыққа негізделген тәрбие жүйесін тиімді жүзеге асыру тетіктері» оқыту семинары	Жоспарға сәйкес	Облыстық білім басқармасы, облыстық әдістемелік орталығы	Тамыз
2	Тәрбие процесін жоспарлау, бекіту жұмыстары	Жоспарға сәйкес	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Тамыз
3	Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай «Менің өмірімдегі Конституция» челленджі, тәрбие сағаты	Челлендж	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілер, тәлімгер	Тамыз
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ				
1 қыркүйек – «Білім күні»				
5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні				

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз – күнің жоқ»				
1	Білім күні «Мектеп – мейірім мекені!» <i>(«Біртұтас ел, біртұтас жер – отан қорғаушыларды тәрбиелеу идеологиясы» ерлік сабағы (10 минут))</i>	Салтанатты іс-шара /сынып сағаты	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілеріәскери жетекшілер, жергілікті қорғаныс бөлімшелерінің өкілдері	1 апта
2	Жол қауіпсіздігі	Сынып сағаты	Тәрбиешілер,	Қыркүйек
3	Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай «Қабылдаудан – прогреске: ҚР Конституциясының тарихы» атты кітап көрмелері	Кітап көрмесі	Мектеп кітапханашысы	Қыркүйек
4	Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай «Менің өмірімдегі Конституция» челенджі	Челлендж	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілер, әлімгер	Қыркүйек
5	«Мен оқыған кітапты сен де оқы» библио-кросс акциясы <i>(жазғы каникул кезінде оқыған кітаптарын жарнамалау)</i> <i>«Балалар кітапханасы» жобасы (облыстық жоспар негізінде)</i>	Акция	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілер, мектеп кітапханашысы, жоба жетекшісі	1 апта
6	«Тіл – тәуелсіздік тұғыры» <i>(А.Байтұрсыновтың туған күніне орай)</i>	Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жалпы мектептік іс-шара	Гуманитарлық цикл пәндер мұғалімдері	1 апта
7	Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»	Ата-аналар жиналысы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілері, педагог-психолог	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!»				
5	Жол ережесін сақтау – қауіпсіздік кепілі	Сынып сағаты	Тәрбиешілері, мүдделі мемлекеттік	2 апта

			органдармен (ИД және т. б.) бірлесіп	
6	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»	Отбасы күніне арналған челлендж	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілері	2 апта
7	«Абай – ұлы даланың ұлы ойшылы» Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай виртуалды кітап көрмесі «Балалар кітапханасы» жобасы (облыстық жоспар негізінде)	Көрме	Мектеп кітапханашысы	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбекқорлық – адамның ең жақсы қасиеті» (Абай)				
8	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығына сай сынып сағатының тақырыбын алу Үлгі: 1-4 сыныптар «Біздің үйдегі еңбек» 5-9 сыныптар «Адал еңбек – адамдықтың белгісі» 10-11 сыныптар «Мамандық пен еңбек таңдауы – болашаққа бастар жол»	Сынып сағаты	Тәрбиешілері мүдделі мемлекеттік органдармен (Ішкі саясат өкілдері, арнаулы және жоғары оқу орындарының өкілдері т.б) бірлесіп	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен!»				
9	«Еңбекқорлық-табыстың кілті»	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	Тәрбиешілері,	4 апта
10	«Театрдың ғажайып әлемі» «Шабьт» жобасы (облыстық жоспар негізінде)	Облыстық байқауға іріктеу	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	4 апта
11	«Денсаулық – зор байлық» фестивалі	«Денсаулық фестивалі» Мектепшілік шара	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері	Ай жоспарына сәйкес
12	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы «Қамқор» жобасы	Таза сенбіліктер	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілері	Қыркүйек
13	«Қауіпсіз мектеп» акциясы (Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (жолда жүру ережелерін сақтау, құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары)	Мектепшілік алдын алу шаралары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ИД, ТЖД, әділет	Айына 1 рет

	«Қауіпсіз қоғам» жобасы (алдын алу шаралары)		департаменті және т.б)	
14	«Сыр сұхбат» жергілікті ақын –жазушылармен кездесу <i>«Балалар кітапханасы» жобасы (облыстық жоспар негізінде)</i>	Кездесу	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, мектеп кітапханашысы, жоба жетекшісі	Қыркүйек
15	«Адал болу – әр адамның міндеті» тақырыбында бірыңғай адалдық сағаты #Адалдықсағаты	Адалдық сағаты	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілері,	Қыркүйек
16	1. Жылыту кезеңіндегі өрт қауіпсіздігі ережелері 2. Алғашқы өрт сөндіру құралдары және оларды қолдпну ережелері 3. Радиациялық – химиялық, бактериологиялық қорғау Білім алушылардың қатысуымен интерактивті сабақтар (онлайн) (алдын алу шаралары облыстық жоспар негізінде)	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәлімгер, АӘД пәні мұғалімдері	Қыркүйек
ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 Қазан – Республика күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіздік-ұлтымыздың мәңгілік ұраны»				
1	«Тәуелсіздік және отаншылдық»	Сынып сағаты	Тәрбиешілері, мүдделі мемлекеттік органдармен (Қорғаныс бөлімшелері, әскери мамандар) бірлескен	1 апта
2	«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет, халықаралық акция <i>«Қамқор» жобасы (облыстық жоспар негізінде)</i>	Жалпы мектепшілік волонтерлық акциясы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, тәрбиешілері, тәлімгер, жоба жетекшісі	1 апта
3	«Қуаныш сыйлайық» <i>«Қамқор» жобасы (облыстық жоспар негізінде)</i>	Мектепшілік шара	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілері, тәлімгер, мектеп	1 апта

			парламенті	
4	5 қазан – Мұғалімдер күніне арналған «Даналық ұстаздан» челленджі <i>«Шабьт» жобасы</i>	Мұғалімдер күніне арналған челлендж	Тәрбиешілері	1 апта
5	Ұстаздар күні қарсаңында өзін-өзі басқару ұйымдары мүшелерінің қатысуымен «Дублер күнін» ұйымдастыру <i>Жас ұлан (облыстық жоспар негізінде)</i>	Әлеуметтік желіге ақпарат	Мектеп директорының оқу және тәрбие жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер, тәрбиешілері.	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»				
6	«Тәуелсіздік және отаншылдық» Ұстазға мың алғыс құндылығына сәйкес сынып сағаты	Сынып сағаты	Тәрбиешілері	2 апта
7	«Күзгі асар» жәрмеңкесі <i>(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы)</i>	Жәрмеңке	Тәрбиешілері тәлімгер	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Отансыз адам-ормансыз бұлбұл				
8	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Тәрбиешілері, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	3 апта
9	«Тәуелсіз Қазақстан Ұлы дала елі» (Қазақстанның табиғаты, мәдениеті, қалалары мен жетістіктері туралы фотосуреттер ұсыну) <i>Жас ұлан</i>	Фото көрме	Тәлімгер,	3 апта
10	Жас ұлан	Мектеп сайлауы	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілері, аға тәлімгер	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Отанды сүю-отбасынан басталады				
11	«Қазақстан Республикасы: кеше, бүгін, ертең» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілері	4 апта
12	«Тәуелсіздік пен Республика – егемен елдің қос тірегі» мектепшілік іс-шара	Республика күніне арналған жалпы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, пән	4 апта

	«Қыран елім-Қазақстан» Республика күніне орай туған өлкесінің ақын-жазушыларының кітаптарына шолау жасау <i>«Балалар кітапханасы» жобасы (облыстық жоспар негізінде)</i>	мектепішілік іс-шара және кітаптарға шолу жасау	мұғалімдері, тәрбиешілері, тәлімгер, мектеп кітапханашысы	
13	«Кітапханаға кітап сыйла» кітапханашылар күніне орай кітапханаға кітап сыйлау акциясы <i>«Балалар кітапханасы» жобасы (облыстық жоспар негізінде)</i>	Кітапханашылар күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кітапханашы	4 апта
14	Ұлттық мәдениет көрмесі <i>«Шабыт» жобасы (облыстық жоспар негізінде)</i>	Ұлттық көрме	Эстетика пәні бірлестігі, жоба жетекшісі, үйірме жетекшілері	4 апта
15	«Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу» (нашақорлықтың, вейп, есірткі бизнесінің алдын алу) «Өмірге салауатты қадам» жобасы (алдын алу шаралары)	Мектепішілік алдын алу шаралары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (Есірткі қылмысына қатысты департаменттер, денсаулық саласының өкілдері, қаржы мониторингі агенттігінің мамандары)	Айына 1 рет
16	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы <i>«Қамқор» жобасы</i>	Таза сенбіліктер	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілері	Қазан
17	«Жас актер» аудандық/қалалық байқауы <i>«Шабыт» жобасы (облыстық жоспар негізінде)</i>	Аудандық/қалалық байқауға іріктеу	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, жоба жетекшісі	Қазан
18	«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақтың кілті – жастарда!» тақырыбында көңілді тапқырлар клубы командалары арасында ойындар ұйымдастыру <i>«Шабыт» жобасы аясында, облыстық жоспар негізінде</i>	Көңілді тапқырлар клубы ойындары	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Қазан
19	1. Қыстың кезеңдегі өрттің себептері және өрт қауіпсіздігі шаралары 2. Мектепке дейінгі және орта білім беру	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәлімгер, АӘД пәні мұғалімдері	Қазан

	ұйымдарында өрттің алдын алу <i>Білім алушылардың қатысуымен интерактивті сабақтар (онлайн)</i> <i>(алдын алу шаралары облыстық жоспар негізінде)</i>			
ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Әділ болу-адамгершіліктің ең биік шыңы				
1	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Тәрбиешілері	1 апта
2	«Мен оқыған бір кітап...» бибблио-кросс акциясы <i>(күзгі каникул кезінде оқыған кітаптарын жарнамалау)</i> <i>«Балалар кітапханасы» жобасы</i> <i>(облыстық жоспар негізінде)</i>	Акция	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілері, мектеп кітапханашысы, жоба жетекшісі	1 апта
3	Мектеп театры «Театр және тарих» тарихи оқиғаларды сахналау <i>«Шабыт» жобасы және облыстық жоспар негізінде</i>	Театр қойылымы	Жоба жетекшісі	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Жауапкершілік адамды адам етеді				
4	«Теңге – Тәуелсіз Қазақстанның жетістігі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Тәрбиешілері	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Әділет-мемлекеттің негізгі күші				
5	«Әділдік және жауапкершілік» Буллингтен қорған тақырыбында сынып сағаты	Сынып сағаты	Тәрбиешілері, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Жауапкершілік-табыстың кілті				
6	«Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты	Сынып сағаты	Тәрбиешілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	4 апта
7	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қаржылық сауаттылық) «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы	Мектепшілік алдын алу шаралары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Айына 1 рет

	(алдын алу шаралары)		(Әділет департаменті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті, қаржы департаменті)	
8	«Парламент өмірінен бір күн» «Мектеп парламенті» мүшелері арасында челлендж <i>Жас ұлан</i>	Челлендж	Аға тәлімгер	Қараша
9	Мамандықтар әлемі <i>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы</i>	Түсіндіру жұмыстары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Қараша
10	«Қауіпсіз жол – әрқайсымыздың міндетіміз» қысқы жол қауіпсіздігіне арналған акция (жолда жүру қауіпсіздігін насихаттау, жаяу жүргіншілер мен жүргізушілерге арналған ақпараттық және ескерту акцияларын ұйымдастыру) <i>«Қамқор» жобасы (облыстық жоспар негізінде)</i>	Акция	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ИД, ТЖД.)	Қараша
14	«Жақсы кітап – жан азығы» <i>«Балалар кітапханасы» жобасы</i> (облыстық жоспар негізінде)	Эссе байқауы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, мектеп кітапханашысы, жоба жетекшісі	Қараша
15	«Адалдық: ар-намыс пен адамгершілік жолы» <i>«Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы аясында білім алушылармен дөңгелек үстел өткізу</i>	Дөңгелек үстел	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәлімгер, жоба жетекшісі	Қараша
16	1. Көктайғақ пен көк мұз кезіндегі сақтық шаралары 2. Қысқы кезеңдегі мінез-құлық ережелері 3. Тұрмыстық электр құралдармен айналасу ережелері <i>Білім алушылардың қатысуымен интерактивті сабақтар (онлайн)</i>	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәлімгер, АӘД пәні мұғалімдері	Қараша

	(алдын алу шаралары облыстық жоспар негізінде)			
ЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Татулық пен бірлік-елдің күшті іргетасы				
1	«Тәуелсіздік негізі – бірлік және ынтымақ»	Сынып сағаты	Тәрбиешілері	1 апта
2	Халықаралық еріктілер күніне орай еріктілер қозғалысының құрамына қабылдау рәсімін өткізу <i>«Қамқор» жобасы (облыстық жоспар негізінде)</i>	Қабылдау рәсімі	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілері, тәлімгер	1 апта
3	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы <i>«Қамқор» жобасы</i>	Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы	Тәрбиешілері	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады				
4	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы байланысты сынып сағаты	Сынып сағаты	Тәрбиешілері	2 апта
5	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы, «Бір отбасы – бір кітап» байқауы <i>«Балалар кітапханасы» жобасы және облыстық жоспар негізінде</i>	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, мектеп кітапханашысы, жоба жетекшісі	2 апта
6	«Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі	Челлендж	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Бірлік болмай тірлік болмас				
7	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына Буллингтен қорған байланысты сынып сағаты	Сынып сағаты	Тәрбиешілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	3 апта
8	Заңды сақтау, құрметтеу және міндеттерді орындау бойынша турнир <i>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</i>		Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, жоба жетекшісі	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған				

9	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына «Жаңа жыл – жаңа үміт» байланысты сынып сағаты	Сынып сағаты	Тәрбиешілері	4 апта
10	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (ерте жүктіліктің алдын алу, зорлық зомбылықтың алдын алу) «Буллингтен қорған!» жобасы (алдын алу шаралары)	Мектепшілік алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Ай жоспарына сәйкес
11	«Еріктілер-болашаққа жол салушылар» облыстық еріктілер слеті (жыл қорытындысы, үздік еріктілерді, үздік еріктілер клубтарын марапаттау) «Қамқор» жобасы (облыстық жоспар негізінде)		Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Желтоқсан
12	«Театр және біз» театр үйірмесінің жылдық қорытындысы «Шабыт» жобасы (облыстық жоспар негізінде)	Қорытынды шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, жоба жетекшісі	Желтоқсан
13	«Жыл үздік оқырманы» оқырман бенефисі «Балалар кітапханасы» жобасы (облыстық жоспар негізінде)	Оқырман бенефисі	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, мектеп кітапханашысы, жоба жетекшісі	Желтоқсан
14	«Сыбайлас жемқорлыққа – жол жоқ!» Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күніне челлендж ұйымдастыру	Челлендж	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, жоба жетекшісі	Желтоқсан
15	1. Пиротехникалық өнімдерді қолдану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау 2. Мерекелік күндердегі өрт қауіпсіздігінің алдын алу Білім алушылардың қатысуымен интерактивті сабақтар (онлайн) (алдын алу шаралары облыстық жоспар негізінде)	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәлімгер, АӘД пәні мұғалімдері	Желтоқсан
ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ 1 қаңтар – Жаңа жыл				
І АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Талап бар жерде тәртіп бар»				

II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәртіп — тәрбие бастауы, тәртіпсіздік – өміріңнің қас жауы»				
1	«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»	Сынып сағаты	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілері, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	2 апта
2	Мамандықтар марафоны <i>Әр түрлі саладағы ең жақсы маманды анықтауға арналған конкурс</i> <i>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы</i>	Байқау	Жоба жетекшісі, тәрбиешілері	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділ заң – болашақ кепілі»				
3	«Заң және тәртіп» құндылығына арналған Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ сынып сағаты	Сынып сағаты	Тәрбиешілері,	3 апта
4	Белгілі тұлғалар бойынша, атаулы күндер бойынша, әлемдік және спорттық іс шаралар бойынша зияткерлік ойындар <i>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</i>	Зияткерлік ойын	Жоба жетекшілері	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды»				
5	«Заң және тәртіп» құндылығына арналған «Заң бәрімізге ортақ» сынып сағаты	Сынып сағаты	Тәрбиешілері,	4 апта
7	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (құқықбұзушылықтың алдын алу, лудоманияның алдын алу) «Ойынға салауатты көзқарас» жобасы (алдын алу шаралары)	Мектепшілік алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ПД, Дін басқармасы, құқық қорғау органдары, қаржы мониторингі агенттігінің мамандары және т. б.)	Ай жоспарына сәйкес
АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ				

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні
Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Келешек-білімді жастың қолында				
1	«Жасампаздық пен жаңашылдық» құндылығына сәйкес Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам сынып сағаты	Сынып сағаты	Тәрбиешілері,	1 апта
2	Құндылықтар бойынша, жаман әдеттердің алдын алу бойынша (лудомания, нашақорлық, кибергигиена, зорлық зомбылық, қорқыту т.б) турнирлер ұйымдастыру <i>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</i>	Мектепшілік турнир	Тәлімгер, жоба жетекшісі	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Жаңалық-жасампаз ойдан басталады				
3	«Жасампаздық пен жаңашылдық» құндылығына сәйкес Нашақорлыққа жол жоқ! сынып сағаты	Сынып сағаты	Тәрбиешілері,	2 апта
	«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі <i>«Балалар кітапханасы» жобасы</i>	Челлендж	Мектеп кітапханашысы, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Жаңашылдыққа ұмтылған ел ғана дамиды				
4	«Жасампаздық пен жаңашылдық» құндылығына сәйкес Қауіпсіз қоғам сынып сағаты	Сынып сағаты	Тәрбиешілері,	3 апта
5	Кеңес әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 36 жыл толуына орай іс-шаралар ұйымдастыру	Мектепшілік іс-шаралар	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбиешілері АӘД пәні мұғалімі	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Бірлік пен жасампаздық- ел бастауы				
6	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік	Сынып сағаты	Тәрбиешілері,	4 апта

	жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты			
7	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (вандализм, қоғамдық мүлікті қорғау) «Қоғамдық мүлікті қорға!» жобасы (алдын алу шаралары)	Мектепшілік алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (Қаржы департаментінің өкілдері, құқық қорғау органдары, мәдениет басқармасы)	Айына 1 рет
НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ 1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»				
1	«Алғыс – ізгі ниет» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Тәрбиешілері,	1 апта
2	Алғыс айту күніне орай Жас Ұлан «Алғысым шексіз» челленджі	Өлеуметтік желілерге жариялау	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер	Наурыз
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отан үшін отқа түс күйемейсін				
3	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты	Сынып сағаты	Тәрбиешілері,	2 апта
4	«Ананың аялы алақаны» челленджі «Шабыт» жобасы	Челлендж	Тәрбиешілері, Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	2 апта
5	«Ұлттық мәдениет» көрмесі «Шабыт» жобасы	Көрме	Көркем еңбек мұғалімдері, тәрбиешілері мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, жоба жетекшілері	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіз елдің тұғыры – бірлік, тірегі – елдік»				
6	«Наурыз – жыл басы»	Сынып сағаты	Тәрбиешілері,	3 апта

7	«Наурызнама» тұжырымдамасы «Күй күмбірі» домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау (таңдау бойынша)	Бекітілген тұжырымдамаға сәйкес іс- шаралар ұйымдастыру, күй орындау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәрбиешілері,	3 апта
8	Мектеп театры Сыныптар арасында театрландырылған қойылымдар, зерттелген әдеби шығармалар бойынша қойылымдар, заңдар мен құқықтарды зерттеу бойынша қойылымдар <i>«Шабыт» жобасы</i>	Театр қойылымы	Эстетикалық цикл пәндер мұғалімдері,/тілдік пәндер мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	3 апта
9	«Жер сағаты» экологиялық акциясы <i>Энергия тұтынуды үнемдеуге және ресурстарға ұқыпты қарауға бағытталған акция «Еңбегі адал жас өрен» жобасы</i>	Акция	Жаратылыстану ғылымдарының апталығы/онкүндігі шеңберінде пән мұғалімдері, жоба жетекшісі	3 апта
10	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу) «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы (алдын алу шаралары)	Мектепішілік алдын алу шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (Дін басқармасы «Ансар» ақпараттық орталығы т. б.)	Айына 1 рет
СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап»				
1	«Біз таңдаған кітаптар»	Сынып сағаты	Тәрбиешілері,	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Саналы да ерікті еңбек қана адамды бақытқа кенелтеді»				
2	«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығына сәйкес 7 сәуір – Дүниежүзілік	Сынып сағаты	Тәрбиешілері,	2 апта

	денсаулық күні «Өмірге салауатты қадам» сынып сағаты			
3	«Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып («Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы)	Шеберлік сынып	Тәрбиешілері, / педагог- психологтар	2 апта
4	12 - сәуір ғарышкерлер күніне орай «Ғарышқа саяхат» макеттер байқауын ұйымдастыру	Әлеуметтік желілерге жариялау	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер	Сәуір
ІІІ АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы»				
5	«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығына сәйкес Буллингтен қорған сынып сағаты	Сынып сағаты	Тәрбиешілері,	3 апта
ІV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: Еңбек етсең ерінбей, тояды қарының тіленбей				
6	«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығына сәйкес «Қоғамдық мүлікті қорға» сынып сағаты	Сынып сағаты	Тәрбиешілері,	4 апта
7	«Түлектердің ағаш егуі» экокелленджі («Қамқор» жобасы)	Челлендж	Тәрбиешілері, Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	4 апта
8	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (Вейптер, Спайстар мен есірткі туралы шындық) «Өмірге салауатты қадам» жобасы (алдын алу шаралары)	Мектепшілік алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Айына 1 рет
І АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл байлық ел үшін»				

1	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз»	Сынып сағаты	Тәрбиешілері,	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ — бұзылмайтын қорған, қосылып еккен ағаш — орман»				
2	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына Буллингтен қорған! сәйкес сынып сағаты	Сынып сағаты	Тәрбиешілері,	2 апта
3	Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы <i>«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы</i>	Суреттер, фотосуреттер көрмесі	Тәрбиешілері,	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлігі кеткен ел жаман, егесіп өткен ер жаман»				
4	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына сәйкес Қауіпсіз қоғам сынып сағаты	Сынып сағаты	Тәрбиешілері мектеп психологы	3 апта
5	«Білімім – Отаныма!»	Сынып сағаты	Тәрбиешілері,	4 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ»				
6	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу (<i>Жазғы мезгілдегі қауіпсіздік: өрт қауіпсіздігі, су қауіпсіздігі, жол-көлік оқиғалары, теміржолдағы қауіпсіздік</i>) «Қауіпсіз қоғам» жобасы (<i>алдын алу шаралары</i>)	Мектепшілік алдын алу шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ИД, ТЖД, СӨС, <i>Өрт қауіпсіздік қызметі және т. б.</i>)	Айына 1 рет

Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешенінің 2024–2025 оқу жылындағы өткізілген тәрбие жұмысының есебі.

Биылғы 2024–2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» Мемлекет басшысы Қ.Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың “Адал адам- Адал еңбек -Адал табыс”атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023жылы “Біртұтас тәрбие”бағдарламасын әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасы “Әділетті Қазақстан -Адал азамат -Озық ойлы ұлт” деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады.Ұштаған бір бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар,ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл “Біртұтас тәрбие”бағдарламасының басты идеясына айналды.

Бағдарламаның мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм,парасаттылық пен адалдық,ар-ұждан,рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген,үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

- Рухани адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
- Отанға ,өз халқына,оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;
- Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру;
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау;

Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету; білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал айын;қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Ай сайын өткізілетін тұрақты іс шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс;

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

- Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «Жеті ата», «Тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
- Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

- Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
- Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай күйін басқарады.
- Тұратын үйін, ауласын, ауданын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Тәрбиенің мәні- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Құндылықтар адамның белгілі бір әрекет етуге деген тұрақты сенімін білдіреді және жеке адамның да, бүкіл қоғамның да өркендеуінің негізі болып табылады. Құндылық білім алушының өмірлік ұстанымына, іс-әрекетіне, мінез-құлқына, дүниетанымына және этикалық нормаларды сақтауына әсер етеді.

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «Апта дәйексөздері» – ақпараттық стендтерде, сынып тақталарында және т.б. орналастырылды.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 30 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу
- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде мектеп психологтар ұйымдастырылды.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірленді.
- «Khouseкүмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде khouseтыңдау апта сайын.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Менің Қазақстаным» бағыты аясында

Республика күніне арналған «Бірлігі жарасқан-Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. **Мақсаты:** Оқушылардың Отан, Қазақстан, Туған жер туралы түсінігін кеңейту; Отанын сүйуге, рәміздерін құрметтеуге, ұлттық құндылықтарын қастерлеуге тәрбиелеу, сөздік қорын дамыту. Тәрбие сағаттары Қазақстан Республикасының әнұранымен басталды. Оқушылар тәрбие сағаттарына белсенді, қызыға қатысып “Отаным - алтын бесігім “ дәйек сөзінің мағынасын түсінді.

Республика күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес “Мен - елімнің ертеңімін” атты сурет көрмесі өткізілді. Көрмеге бастауыш және орта буын оқушыларының жұмыстары шығарылды.

Көрменің мақсаты: Балаларды Отанын сүюге, қорғауға, тәрбиелеуге, бай-
куатты ел екенін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін
арттырып, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

«Теңге – Тәуелсіздік келбеті» тақырыбында сабақ өткізілді.

Мақсаты - оқушылардың ұлттық валютаның мәні мен маңызын түсінуіне,
Тәуелсіз Қазақстанның экономикалық дербестігін ұғынуына, отансүйгіштікке
тәрбиелеуге бағытталады, қушыларға теңгенің шығу тарихын, оның
Тәуелсіздікпен байланысын түсіндіру, ұлттық валюта туралы білімдерін
кеңейту. Ұлттық валютаға, ел рәміздеріне құрметпен қарауға, отансүйгіштікке,
елдің экономикалық тәуелсіздігін бағалауға тәрбиелеу. кітабын оқуға кеңес берді

2024 жылдың 13 желтоқсанында Ақтөбе облыстық арнайы мектеп-интернат-
колледж кешенінде жаратылыстану-математика бағытындағы педагогикалық
әдістемелік бірлестігінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен **«Күн дидарлы
Қазақстан»** атты мерекелік шара өткізілді. Бұл іс-шара Қазақстан
Республикасының Тәуелсіздік күніне арналды және еліміздің тарихы, мәдениеті
мен ұлттық құндылықтарын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылды.

Мектебімізде орта буын тәрбиешілері арасында **«Менің өлкем – менің
мақтанышым» тақырыбында апталық өткізілді.**

Апталықтың мақсаты — оқушыларды өз туған жеріне деген сүйіспеншілікке,
патриоттық сезімге, мәдени-тарихи мұраларымызды қадірлеуге және
облысымыздың ерекшеліктерін тереңірек танып-білуге тәрбиелеу.

Біздің мектепте 1 мамыр — Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай
«Ынтымағы жарасқан туған өлкем Қазақстан» тақырыбында мерекелік іс-
шара ұйымдастырылды. Бұл шара орта буын әдістемелік бірлестігінің
ұйымдастыруымен өткізілді.

Іс-шара мақсаты — оқушыларға еліміздің көпэтносты және көпмәдениетті
бірлігін дәріптеу, туған жерге деген сүйіспеншілікті, ұлттар арасындағы татулық
пен достықты нығайту.

1 мамыр — Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай мектебімізде
бастауыш, орта және жоғары буын оқушылары арасында тәрбие сағаттары
өткізілді.

Іс-шараның мақсаты — оқушыларды Қазақстанның көпэтносты халқының
бірлігін, татулығын, ұлтаралық келісім мен достығын дәріптеуге тәрбиелеу.

Мектебімізде 7 мамыр — Отан қорғаушылар күніне арналған арнайы тәрбие
сағаттары ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға Отан қорғаушылар күні мерекесінің
маңызын түсіндіру, ел қорғаушылардың ерлігін дәріптеу және патриоттық сезімді
қалыптастыру.

**Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай мектебімізде «Ұрпаққа ұран Ұлы жеңіс.
Ерлік ұрпаққа мұра. Ерен ерліктер есімізде»** атты мәнерлеп оқу және «Ерлік –
елге мұра, ұрпаққа ұран» тақырыптарында әр буынға арналған тәрбие сағаттары
өткізілді.

Іс-шаралардың мақсаты – оқушыларға Ұлы Отан соғысындағы батырлық пен
ерлік туралы түсінік беру, тарихымызды құрметтеу және елге деген патриоттық
сезімді қалыптастыру

4 маусым — Халықаралық рәміздер күніне орай колледж студенттері
арасында арнайы тәрбие сағаттары өткізілді.

Тәрбие сағаттарының мақсаты — студенттерге мемлекеттік рәміздердің
маңыздылығын, олардың тарихы мен символикасын түсіндіру, патриоттық сезімді
қалыптастыру.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Қауіпсіздік сағаты» бағыты аясында

“Судағы қауіпсіздік” тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушыларға су айдындарындағы қауіпсіздік ережелері туралы түсінік қалыптастыру.

Міндеттері: Судағы кездейсоқ оқиғалардың себептерімен танысу; өз өмірімізге және айналадағыларыңызға жауапкершілік сезімін дамыту. Оқушылардың бойында сақтық пен суда өзін ұстауда ұқыптылыққа тәрбиелеу.

«Қауіпсіз интернет» тақырыбында бастауыш, орта, жоғарғы буын оқушыларына тәрбие сағаттары өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың интернет желісіндегі қауіп-қатерлер туралы түсінігін кеңейту, ғаламторды қауіпсіз әрі тиімді пайдалану ережелерін үйрету, киберқауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру

Қауіпсіздік сағаты «Бейтаныс адамның шақыруынан қалай сенімді және қауіпсіз бас тартуға болады» өткізілді. «Қауіпсіздік сағаты» іс-шарасы балалардың қауіпсіздік туралы білімдерін жетілдіріп, бейтаныс адамдармен қарым-қатынаста сақ болуға үйретті. Ұйымдастырушылар осындай шаралар арқылы оқушылардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың қоғамда дұрыс бағдар алуына ықпал етуді мақсат етеді.

«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасының **қауіпсіздік бағыты** аясында мектебімізде **«Буллинг және кибербуллинг – балалар қауіпсіздігіне төнген қатер»** тақырыбында арнайы тәрбие сағаттары өткізілді. **Іс-шараның басты мақсаты** – оқушылардың арасында жиі кездесетін буллинг (қорлау, мазақ ету, қудалау) және кибербуллинг (интернет арқылы психологиялық қысым көрсету) жағдайларының алдын алу, олардың зиянды әсерін түсіндіру және балалардың қауіпсіз ортасын қалыптастыру.

Мектебімізде ата-аналар комитетінің жиналысы өткізілді. Жиынның басты тақырыбы – **“Интернеттің қауіптілігі және бала қауіпсіздігі”** болды. Сонымен қатар, сабақ уақытында телефон қолдану мәселесі де кеңінен қаралды. Кездесу барысында интернеттегі зиянды ақпараттардан қорғану жолдары, бала психологиясына кері әсер ететін желілік ойындар мен әлеуметтік желілердің қауіптері туралы айтылып, ата-аналармен пікір алмасу жүргізілді.

2024 жылдың 23 желтоқсанында Ақтөбе облыстық арнайы мектеп-интернат-колледж кешенінде қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы студенттер мен оқушылармен іс-шаралар өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – студенттерді қысқы мерзімде болатын табиғи апаттар мен төтенше жағдайларға дайындық туралы ақпаратпен қамтамасыз ету, қауіпсіздікті сақтау дағдыларын қалыптастыру болды.

Көктемгі демалыстағы қауіпсіздік ережелері. Мектебімізде көктем мезгілінің басталуына орай оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түсіндірме сабақтар өткізілді. Бұл іс-шара барысында оқушылар көктемгі кезеңде кездесетін түрлі қауіптер мен олардан сақтану ережелерімен таныстырылды. Барлық қатысушыларға қауіпсіздік ережелері туралы ақпараттық материалдар таратылып, сұрақтарға жауап берілді.

Мектебімізде жаз мезгіліне байланысты оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әр буынға арналған **қауіпсіздік сағаттары** өткізілді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Құқықтық бұзушылық» бағыты аясында

Бастауыш, орта, жоғары буын оқушыларына «Сен өз құқығыңды білесің бе?», «Сенің азаматтық құқығың», «Сен және Заң» тақырыптары бойынша жыл бойы тәрбие сағаттары өткізілді.

Тәрбие сағатының мақсаты – оқушыларға олардың құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру, өз құқықтарын қорғауға үйрету және заңға бағыну мәдениетін қалыптастыру.

“Заң және тәртіп” аясында 8–10 сынып оқушыларына және колледж студенттеріне арналған ақпараттық кездесу ұйымдастырылды. Іс-шараға полиция қызметкері Днимова К.У шақырылып, оқушыларға құқықтық тәрбие беру бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Шараның мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға бағынудың маңызын ұғындыру және жауапкершілік сезімін қалыптастыру. Іс-шара тәрбиелік мәні жоғары, мазмұнды әрі пайдалы өтті.

Мен өз құқығымды білемін» және «Правовая грамотность – требование времени» тақырыптарында арнайы тәрбие сағаттары өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, өз құқықтары мен міндеттерін білуге үйрету, құқық бұзушылықтың алдын алу және заңға құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Аталған тәрбие сағаттарына **Жарылқапов А.Ж. – колледж майоры, полиция қызметкері** шақырылып, жоғары буын оқушылары және колледж студенттерімен кездесу өткізді.

«Заң және тәртіп» айлық акциясы аясында «Ашық есік күні» өтті 2024 жылғы 6 желтоқсанда Ақтөбе облыстық арнайы мектеп-интернат-колледж кешенінде ата-аналарға арналған «Ашық есік күні» ұйымдастырылды. Іс-шара «Заң және тәртіп» айлық акциясы аясында өткізілді.

Шараның мақсаты: Ата-аналарды мектеп-интернат колледжінің өмірімен таныстыру, ата-аналар мен педагогтар арасында тығыз қарым-қатынас орнату, балалардың тәртібі мен тәрбие жұмыстары туралы ақпарат беру.

«Жемқорлықсыз қоғамға қадам» – Қазақстан саясатындағы аса маңызды стратегиялық басымдықтың бірі әрі бірегейі. Өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойында жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастырудың үлкен орын алатындығы айтпаса да түсінікті. Осыған орай қазан айында мекемемізде жоғары буын оқушылары мен студенттеріне сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» бағыты аясында

«Ұлттық ойындар-ұлт қазынасы» атты тәрбие сағаттары өтті.

Мақсаты: Халықтың ұлттық ойындарымен балаларды таныстырып, ойын арқылы ұлттық құндылықтарды білуге, өз ойын еркін айтуға, сөз қорын толықтыруға, дәстүрді сыйлауға тәрбиелеу.

«Ұлттық құндылық – ұлт бейнесі» танымдық сағаты өтті. 2024 жылғы 27 қарашада Ақтөбе облыстық арнайы мектеп-интернат-колледж кешені КММ кітапханасында Арнаулы кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Ұлттық құндылық – ұлт бейнесі» атты танымдық сағат өтті.

Іс-шараның мақсаты: Салт-дәстүрді насихаттау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, шығармашыл тұлғаларды таныстыру және зағип әрі нашар көретін

азаматтарға арналған тактильді макеттер жасау бойынша үздік тәжірибелермен бөлісу.

Көктеммен бірге келетін жаңару мен жасампаздықтың символы –“**Ұлыстың қадам басқан ұлы күні**” атты сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Көрменің басты мақсаты – Ұлыстың ұлы күніне деген құрметті арттыру, ұлттық дәстүр мен мәдениетті дәріптеу, жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту болды.

Наурыз мерекесіне орай, мектепте «**Ұлы дала қол өнері**» атты көрме ұйымдастырылды. **Бұл шараның мақсаты** – оқушыларға ұлттық қол өнерімізді таныстыру, салт-дәстүрімізді дәріптеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Оқушылар мен ұстаздардың қолынан шыққан ұлттық нақыштағы бұйымдар, киіз үй жабдықтары, зергерлік әшекейлер және басқа да қол өнер туындылары қойылды.

Мектебімізде бастауыш буын оқушылары үшін «**Қазақтың ұлттық ойындары**» атты шара ұйымдастырылды.

Бұл іс-шараның мақсаты – оқушыларға ұлттық мәдениетімізді таныстыру, дәстүрлі ойындар арқылы дене шынықтыру мен командалық рухты дамыту.

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай «**Наурыз – Ұлыстың ұлы күні**» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл іс-шаралар бастауыш, орта және жоғары буын оқушылары арасында ұйымдастырылып, әр деңгейдің ерекшеліктеріне сай мазмұндалды. Барлық буын оқушылары арасында өткізілген тәрбие сағаттары Наурыз мерекесінің мән-маңызын түсінуге, ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге және бірлік пен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталды.

Ұлттық мәдениетімізді дәріптеу және жастар арасында ұлттық киімдерге деген қызығушылықты арттыру мақсатында мектеп оқушылары мен колледж студенттері арасында «**Ең сәнді қазақы киім үлгісі**» конкурсы ұйымдастырылды. Конкурс аясында жеңімпаздарды анықтап, жүлделі орындарымен марапатталды. Конкурс барысында қатысушылар ұлттық киімдердің бай мұрасын танып-біліп, олардың маңызын түсінді. Мұндай шаралар жастарды ұлттық дәстүрлерді сақтауға және құрметтеуге тәрбиелеп, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға ықпал етеді.

«**Ұлттық құндылық – ұлт бейнесі**» танымдық сағаты өтті. 2024 жылғы 27 қарашада Ақтөбе облыстық арнайы мектеп-интернат-колледж кешені КММ кітапханасында Арнаулы кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «**Ұлттық құндылық – ұлт бейнесі**» атты танымдық сағат өтті. Шараға оқушылар мен ұстаздар қатысты. Іс-шараның мақсаты: Салт-дәстүрді насихаттау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, шығармашыл тұлғаларды таныстыру және зағип әрі нашар көретін азаматтарға арналған тактильді макеттер жасау бойынша үздік тәжірибелермен бөлісу. Шара барысында республикалық «Салт-дәстүр – сан ғасырлық саф мұра» тактильді макеттер байқауында үздік деп танылған жұмыстар оқушылар назарына ұсынылды. Сонымен қатар, үздік жұмыстардың жасалу жолы, қолданылған материал түрлері туралы тың мәліметтер берілді. Танымдық сағат оқушылардың ұлттық мұраға деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық көзқарасын дамытты.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Өнегелі 15 минут» бағыты аясында

Мектебімізде «**Өнегелі 15 минут**» атты шара ұйымдастырылды. **Бұл іс-шараның мақсаты** – ата-аналардың қатысуымен оқушыларға өнегелі әрекеттерді көрсету арқылы олардың тәрбие мен білімге деген қызығушылығын арттыру.

«Өнегелі 15 минут» шарасы оқушылар мен ата-аналардың өзара түсіністігін нығайтып, өнегелі құндылықтарды бірге талқылауға мүмкіндік берді. Ұйымдастырушылар осындай іс-шаралардың балалардың тұлғалық дамуына және отбасы мен мектеп арасындағы байланыстың нығаюына оң әсер ететінін атап өтті.

«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасының «Өнегелі 15 минут» жобасы аясында оқушылар өз ата – аналарымен арнайы тәрбиелік мәні бар бейнеролик түсірді. **Мақсаты** — жасөспірімдердің бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді сіңіру, жағымды мінез-құлық қалыптастыру және қоғамдық ортада өнегелі тұлға ретінде танылуына ықпал ету.

Бұл жұмыс – оқушылардың шығармашылығы мен белсенділігін дамытуға, ұжыммен бірлесе жұмыс істеуіне үлкен серпін берді. Видео барысында олар өз ойларын еркін жеткізе алды, тәрбиелік іс-шараны жаңаша форматта ұсынды. Мектеп әкімшілігі, ұстаздар қауымы және ата-аналар бұл бастаманы қолдай отырып, алдағы уақытта да осындай мазмұнды жұмыстар жалғасын табатынына сенім білдіреді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Үнемді тұтыну» бағыты аясында

Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған **«Таза Қазақстан»** республикалық экологиялық акциясы өткізілді. Акция барысында мектеп қызметкерлері, мұғалімдер мен тәрбиешілер белсенді қатысып, мектеп ауласын тазалау және абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Мектеп аумағындағы қоқыстар жиналып, тазартылды, гүлзарлар мен көгалдарға күтім жасалды. Осындай шаралар арқылы оқушылар мен қызметкерлердің экологиялық мәдениетін көтеріп, таза әрі жасыл мектеп ауасын қалыптастыруды көздейді.

«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасының экологиялық тәрбие бағыты бойынша мектебімізде **«Құстарға қамқорлық»** атты жоба ұйымдастырылды. Бұл жобаның басты мақсаты — оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, жануарлар әлеміне жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу және экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында мектеп ауласын тазалау жұмыстары ұйымдастырылды. Бұл шараның басты мақсаты — оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, экологиялық мәдениетін қалыптастыру және туған жерге деген жанашырлықты арттыру.

Колледж студенттері мен мектеп тәрбиешілерінің қатысуымен әр ай сайын тазалық акциялары тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді.

Бұл акциялардың мақсаты — студенттер мен оқушыларды таза және қауіпсіз ортада өмір сүруге үйрету, экологиялық сананы қалыптастыру және қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілікті арттыру.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Нашақорлық» бағыты аясында

«Нашақорлықпен пен есірткі қылмысының алдын алу», «Сентетикалық есірткі таратылуының алдын алу», «Нашақорлық қоғам дерті» мақсатында жоғарғы буын оқушылары арасында тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл іс-шара барысында оқушыларға нашақорлықтың адам ағзасына және қоғамға тигізетін зияны туралы ақпарат беріліп, есірткі қылмысының салдары түсіндірілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағыты бойынша мектебімізде «Наша қорлыққа жол жоқ» атты сынып сағаттары өткізілді.

Іс-шараның мақсаты — жас ұрпаққа сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін кері әсерін түсіндіру, әділдік пен адалдық ұстанымдарын дәріптеу, құқықтық сақтану.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының « » бағыты аясында

Ата - аналарды қолдау орталығының жоспары аясында “ **Ұйқы және психикалық денсаулық**” тақырыбында ата- аналармен кездесулер өткізілді.

Мақсаты: Жасөспірімнің психикалық денсаулығын сақтау факторы ретінде ата-аналардың ұйқыға жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру. Сабақ барысында ұйқының маңызы және адам денсаулығына тигізетін әсері жайлы кеңінен айтылды.

“Жасөспірімдердегі ұйқы: оқуға және мінез-құлыққа әсері” тақырыбында отырыс өткізді.

Мақсаты: Ата-аналарды жасөспірімнің ұйқы сапасын жақсарту үшін қолайлы жағдайлар жасауға ынталандыру. Жасөспірімдердің танымдық белсенділігі мен мінез-құлқына ұйқының әсерін түсінуге ықпал ету; ұйқы сапасын жақсартуға көмектесу үшін практикалық дағдыларды дамыту. Орта буын оқушыларының ата-аналары белсенділік көрсетіп, өз ой-пікірлермен бөлісті.

«Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде отбасының рөлі» тақырыбында ата-аналармен кездесу өткізілді отбасының бала тәрбиесіндегі маңызды рөлін арттыру мақсатында **«Өмір бойы оқу: Неліктен? Қалай?»** атты ата-аналарға арналған педагогикалық қолдау шарасы ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты: Отбасы тәрбиесін тереңдету, ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру.

Ата аналарды педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру жоспары бойынша есту және көру қабілетінде бұзылыстары бар бастауыш буын бірлестігі өткізді. «Ата анамен бала арасындағы қарым қатынас» тақырыбында кезекті кездесуін ұйымдастырды. Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайту және ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру мақсатында мектептерде арнайы орталықтар мен бағдарламалар іске асырылуда. Бұл шаралар ата-аналардың педагогикалық және психологиялық құзыреттерін дамытуға бағытталған. Сонымен қатар **«Отбасылық қатынастағы құмет пен сыйластықты нығайту»** тақырыбында жоғарғы буын ата-аналарына педагогикалық қолдау өткізілді.

Мектебімізде ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында **«Балалардың қауіпсіздігі – ересектердің қамқорлығы»** тақырыбында арнайы шара ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты — ата-аналарға балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарын түсіндіру, отбасылық тәрбиедегі жауапкершілікті арттыру және мектеппен тығыз қарым-қатынасты нығайту.

Қорытынды

2024–2025 оқу жылы ішінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында атқарылған іс-шаралар жүйелі және мазмұнды түрде жүзеге асырылды. Бағдарламаның басты мақсаты — ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйене отырып, оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, патриоттық сезімін ояту және тұлғалық даму әлеуетін арттыру болды.

Жыл бойы өткізілген іс-шаралар әр бағыт бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізді:

Патриоттық тәрбие бағыты бойынша оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімін арттыруға бағытталған «Бірлігі жарасқан – Қазақстан», «Менің өлкем – менің мақтанышым», «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні» және басқа да іс-шаралар ұйымдастырылды.

Қауіпсіздік және құқықтық тәрбие бағытында «Қауіпсіз интернет», «Буллинг және кибербуллинг», «Сен өз құқығыңды білесің бе?», «Заң және тәртіп» тақырыптарындағы сабақтар мен кездесулер оқушылардың құқықтық және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Экологиялық бағыттағы «Таза Қазақстан» акциясы мен «Құстарға қамқорлық» жобасы арқылы табиғатты қорғау, үнемді тұтыну және экологиялық жауапкершілік дағдылары дамытылды.

Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді дәріптеу бағытында ұйымдастырылған көрмелер мен байқаулар («Ұлы дала қолөнері», «Ең сәнді қазақы киім үлгісі») оқушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіріп, ұлттық сана-сезімін арттырды.

Отбасылық және өнегелі тәрбие бағыты бойынша «Өнегелі 15 минут» жобасы мен ата-аналарға арналған кездесулер отбасы мен мектеп арасындағы байланыс пен сенімді нығайтты.

Жалпы, жыл бойы атқарылған жұмыстар нәтижесінде оқушылардың бойында адалдық, жауапкершілік, еңбексүйгіштік, отансүйгіштік, адамгершілік және ұлттық сана сияқты маңызды қасиеттер қалыптасты.

Ұсыныстар:

Іс-шаралардың тиімділігін арттыру үшін ай сайынғы жұмыс нәтижелерін нақты көрсеткіштер арқылы бағалау (қатысушылар саны, кері байланыс, мониторинг нәтижесі).

Қауіпсіздік бағыты бойынша практикалық жаттығулар мен тренингтер үлесін көбейту.

Ата-аналармен өзара жұмысты кеңейтіп, онлайн форматтағы кездесулер мен ақпараттық платформаларды пайдалану.

Ұлттық мәдениет пен шығармашылық бағыттағы жобаларды интерактивті түрде өткізу.

Қорытындылай келе, 2024–2025 оқу жылының тәрбие жұмыстары оқушылардың жан-жақты дамуына, ұлттық құндылықтарды қастерлеуіне, қоғамға бейімделуіне және өз болашағына жауапкершілікпен қарауына бағытталған нәтижелі жыл болды.